

## Ақтөгай ауданы Жалаулы ауылдық округінің Жалаулы ауылындағы кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Ақтөгай ауданы Жалаулы ауылдық округі экімінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 6170 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Ақтөгай ауданы Жалаулы ауылдық округі Жалаулы ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, 2017 жылғы 25 қазандағы облыстық ономастика комиссиясының корытындысы негізінде, Жалаулы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөгай ауданы Жалаулы ауылдық округінің Жалаулы ауылының келесі көшелері:

"Школьная" көшесі - "Ыбырай Алтынсарин" көшесі;

"Садовая" көшесі - "Тәуелсіздік" көшесі;

"Победа" көшесі - "Женіс" көшесі;

"Степная" көшесі - "Достық" көшесі болып қайта аталын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалаулы ауылдық

округінің әкімі

A. Медетов